



**Ақтау, Форт-Шевченко қалаларында, Құрық ауылы және Кендірлі демалыс аймағында су қорғау аймақтары мен белдеулерін белгілеу туралы** Маңғыстау облысы әкімдігінің 2008 жылғы 20 наурыздағы N 181 қаулысы. Маңғыстау облысы Әділет департаментінде 2008 жылғы 30 сәуірде N 2009 тіркелді.

**Ескерту.** Тақырыпта және бүкіл мәтін бойынша "поселке", "поселкелер", "поселкелерге", "поселкелері", "поселкелерді", "поселкелердің" деген сөздер тиісінше "кент", "кенттер", "кенттерге", "кенттері", "кенттерді", "кенттердің" деген сөздермен; "ауыл (село)", "ауылдық (селолық)", "ауылдардың (селолардың)", "ауылдарды (селоларды)", "ауылдар (селолар)", "ауылдарға (селоларға)" деген сөздер тиісінше "ауыл", "ауылдық", "ауылдардың", "ауылдарды", "ауылдар", "ауылдарға" деген сөздермен ауыстырылды - Маңғыстау облысы әкімдігінің 30.06.2016 № 194 қаулысымен (жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2003 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының Су Кодексіне сәйкес, облыс әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 1-қосымшаға сәйкес, бекітілген жобалық құжаттамалар негізінде Маңғыстау облысының Каспий теңізі жағалауында ұзындығы 1399,5 шм су қорғау аймақтары мен белдеулері және шаруашылық қызметінің режимі белгіленсін.":

**Ескерту.** 1-тармақ жаңа редакцияда - Маңғыстау облысы әкімдігінің 29.04.2013 N 118 қаулысымен.

2. 2-қосымшаға сәйкес, Су қорғау аймақтары мен белдеулерінің шегінде, шаруашылық қызметін жүзеге асыруға тыйым салынған талаптар тізбесі бекітілсін.

3. Ақтау қаласының және аудандардың әкімдері:

су қорғау аймақтары мен белдеулерінің шекараларын нақтылы түріне көшіруді, жерді есепке алу құжаттамасына өзгеріс енгізуді және осы жұмыстардың жүргізілуіне тұрақты бақылауды қамтамасыз етуді жүзеге асырсын;

су қорғау аймақтары мен белдеулерінің шегінде, құрылыс және басқа арнайы қажеттерге аумақты иелену мен пайдалануды осы қаулының 1 және 2-тармақтарының талаптарына қатаң сәйкесте жүргізсін.

4. Ақтау қаласының және аудандардың әкімдеріне, ауылдық округтердің әкімдеріне, су қорғау аймақтары мен белдеулерінің шегінде орналасқан

пайдалануында жер учаскелері бар, ведомстволық тиесілілігі мен меншік нысанына қарамастан кәсіпорындардың, ұйымдардың, басқа да шаруашылық жүргізуші субъектілерінің басшыларына, олардың санитарлық жай-күйін тиісті дәрежеде күтілуін және шаруашылық жүргізу режимінің сақталуын қамтамасыз ету ұсынылсын.

**Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда Маңғыстау облысы әкімдігінің 30.06.2016 № 194 қаулысымен (жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

5. Маңғыстау облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы (Б.А. Бисенов) мемлекеттік жер кадастрында есепке алу үшін және су қоры мен жер ресурстарының пайдаланылуына және қорғалуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру үшін "Ақтау, Форт-Шевченко қалаларында, Құрық ауылы және Кендірлі демалыс аймағында су объектілерінде су қорғау аймақтары мен белдеулерін құру" жобалық құжаттамасын арнайы уәкілеттік берілген мемлекеттік органдарға тапсырсын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары С.Ө.Трұмовқа жүктелсін.

7. Осы қаулы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

Қ. Көшербаев

Маңғыстау облысы әкімдігінің  
2008 жылғы 20 наурызындағы  
N 181 қаулысына 1-қосымша

**Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда- Маңғыстау облысы әкімдігінің 19.10.2017 № 244 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

**1. Ақтау, Форт-Шевченко қалаларында, Құрық ауылы және Кендірлі демалыс аймағында су қорғау аймақтары мен белдеулерін белгілеу туралы**

"Ақтау, Форт-Шевченко қалаларында, Құрық ауылы және Кендірлі демалыс аймағында Каспий теңізінің жағалауында су қорғау аймақтары мен белдеулерін құру" бекітілген жобалық құжаттамасына сәйкес мыналар белгіленеді:

1. Ақтау қаласы аумағының су қорғау аймағының көлемі мен шекарасы, бекітілген бас жоспарға сәйкес құрылыс салу және жоспарлаудың нақты талаптар тұрғысынан;

Ақтау қаласы аумағы бойынша Каспий теңізінің жағалауында су қорғау аймағының 96,0 км созылатын ені, Строительная көшесінің, Қазақстан Республикасының Президенті даңғылының шекарасына дейін және әрі қарай

асфальт жолы бойымен Өмірзақ ауылына дейін минус 27,0 метрге тең, соңғы он жылдықтағы теңіздің орташа көпжылдық деңгейінің белгісінен алынады;

Ақтау қаласы аумағының теңіз учаскелері үшін су қорғау белдеулерінің еніне, оның аса бағалы балық шаруашылығындық маңызы бар маңайындағы жердің еңісі мен сипатына қарамастан кемінде 100 м қабылданады;

Ақтау қаласында ағынды канализациялар мен жағалаулықтар болған жағдайда су қорғау белдеуінің шекарасы жағалаудағы қалқаншамен қосылады.

2. Түпқараған ауданы Форт-Шевченко қаласы аумағы бойынша Каспий теңізі жағалауындағы су қорғау аймағы енінің ұзындығы 38,5 км, Құрық ауылының ұзындығы 61,0 км және Қарақия ауданының Кендірлі демалыс аймағында 89,0 км, соңғы он жылдықта минус 27,0 метрге тең теңіздің орташа көпжылдық деңгейі 2000 метр белгісінен алынды;

Ерекше бағалы балық шаруашылығы маңызы бар Форт-Шевченко, Құрық ауылы аумағындағы және Кендірлі демалыс аймағындағы теңіз учаскелері үшін су қорғау белдеулерінің еніне, бекітілген жобалық құжаттама негізіндегі Түпқараған ауданының Аташ, Баутино қойнауындағы теңіздік мұнай операциялары базасының төгінді алаңындағы ұзындығы 1,12 км Каспий теңізінің жағалауындағы су қорғау белдеуінен басқа, жерінің еңістігі мен іргелес жатқан сипатына қарамастан, кемінде 100 метр қабылданады;

Түпқараған ауданының Аташ, Баутино қойнауындағы мұнай операциялары базасының төгінді алаңындағы теңіз учаскелері үшін су қорғау аймағының шекарасы, Аташ базасының шекарасындағы жақтаумен қосылады және Каспий теңізінің су қорғау белдеуінің әрекет үстіндегі шекарасының басымен иіліп қосылады;

Ерекше бағалы балық шаруашылығы үшін маңызы бар Форт-Шевченко қаласы, Құрық ауылы аумағының және Кендірлі демалыс аймағындағы теңіз учаскелері үшін су қорғау белдеулерінің еніне, бекітілген жобалық құжаттама негізіндегі теңіз мұнай кен орындарын жайластыруға арналған металл құрылымдары зауытын орналастыру үшін Маңғыстау облысы Түпқараған ауданының Баутино ауылы ауданында Түпқараған бұғазының Шығыс жағалауындағы төгінді өндірістік алаңындағы ұзындығы 1,369 км және Маңғыстау облысы Түпқараған ауданының Баутино аулындағы теңіздік мұнай операцияларын қолдау базасының төгінді алаңындағы 1,61 км Каспий теңізі жағалауындағы су қорғау белдеулерінен басқа, жерлердің еңістігі мен іргелес жатқан сипатынан қарамастан, кемінде 100 метр болып қабылданады;

Теңіз мұнай кен орындарын жайластыруға арналған металл құрылымдары зауытын орналастыру үшін Маңғыстау облысы Түпқараған ауданының Баутино

ауылы ауданында Түпқараған бұғазының Шығыс жағалауындағы төгінді өндірістік алаңындағы теңіз учаскелеріне арналған су қорғау белдеулерінің шекарасы, айлақ қабырғалары жағынан Каспий теңізінің орташа деңгейінен 35 метр, солтүстік және оңтүстік жағынан 20 метр болып белгіленеді және Каспий теңізінің су қорғау белдеуінің қазіргі шекарасымен тік бұрышта қосылады;

Маңғыстау облысы Түпқараған ауданының Баутино аулындағы Теңіз мұнай операцияларын қолдау төгінді базасындағы теңіз учаскелеріне арналған су қорғау белдеулерінің шекарасы, айлақ қабырғасына қарсы беттегі шекарасы мен жақтауы бойынша, база алаңының шекарасында және Каспий теңізінің орташа деңгейінен 10 метр қашықтықта жақтауы бойынша қаптал жақ құламаларының бойымен белгіленеді және Каспий теңізінің су қорғау белдеуінің қазіргі шекарасымен қосылады;

Ерекше бағалы балық шаруашылығы үшін маңызы бар Ақтау, Форт-Шевченко қалалары, Құрық ауылы аумағының және Кендірлі демалыс аймағындағы теңіз учаскелері үшін су қорғау белдеулерінің еніне, бекітілген жобалық құжаттама негізіндегі бұрғылау ерітінділері цехын, теңіздік мұнай операцияларын қолдау базасын орналастыруға Маңғыстау облысы Түпқараған ауданының Баутино ауылы ауданындағы Түпқараған бұғазының солтүстік-батыс жағалауының солтүстік, оңтүстік, шығыс және оңтүстік-шығыс бағытына биіктігі 50 см жиекқабырға жайғастырылған, жағалық бекітпе имараты құрылысымен бекітілген, теңіздің жағалау жиегімен түйісетін және биіктігі 50 см жиекқабырға мен кеме тоқтайтын қабырғасы бар, бұрғылау ерітінділері цехының төгінді түрде жасалған жасанды өндірістік алаңындағы ұзындығы 4,075 км Каспий теңізі жағалауындағы су қорғау белдеуінен басқа, іргелес жердің еңістігі мен сипатына қарамастан, кемінде 100 метр қабылданады;

Цех алаңының шекарасындағы, бұрғылау ерітінділері цехының өндірістік алаңы мен теңіз жағалауының жағалау жиегі ауданындағы теңіздің табиғи жағалау жиегінен 100 метр қашықтықта өтетін су қорғау белдеуінің әрекет үстіндегі шекарасы, теңіздің соңғы онжылдықта минус 27,0 метрге тең, орта-көпжылдық деңгейі белгісінен ені 35,0 метр болып белгіленген, цех алаңының солтүстік, оңтүстік, шығыс және оңтүстік-шығыс бағыттағы шекарасынан, цехтың өндірістік алаңының және жағалаулық бекітпе имаратының жиекқабырғасымен түйісетін су қорғау белдеуінің шекарасымен ауыстырылсын;

Ерекше бағалы балық шаруашылығы үшін маңызы бар Ақтау, Форт-Шевченко қалалары, Құрық ауылы аумағының және Кендірлі демалыс аймағындағы теңіз учаскелері үшін су қорғау белдеулерінің еніне, іргелес жердің еңістігі мен сипатына қарамастан, кемінде 100 метр қабылданады, ал елді мекендерде

қашықтығы Ақтау қаласы - 83,0 км (су қорғау белдеу шекарасының ауыстыру координаттарының нүктелері С (4953315; 10034132) Д (4862525; 10065137), Форт-Шевченко қаласы - 19,0 км (су қорғау белдеу шекарасының ауыстыру координаттарының нүктелері А (4994790; 9985280) В (4993680; 9981590), Құрық ауылы - 12,0 км (су қорғау белдеу шекарасының ауыстыру координаттарының нүктелері Е (4842890; 10079230) F (4838320; 10087670), Кендірлі демалыс аймағында - 7,0 км (су қорғау белдеу шекарасының ауыстыру координаттарының нүктелері Т (4795800; 10149610) U (4787830; 10157500) учаскеде, бекітілген жобалық - сметалық құжаттаманың негізінде су қорғау белдеуінің ең аз ені 35 метр тағайындалады;

Түпқараған ауданы Баутино ауылындағы теңіздік операцияларын қолдау базасындағы теңіз учаскесі үшін бекітілген жобалық-сметалық құжаттама негізінде су қорғау белдеуінің ең аз ені 35 метр, бұрынғы болған ұзындығы 377,32 метр, су қорғау белдеуінің шекарасы топырақ үйінді жағынан ұзындығы 289,77 метрге ауыстырылсын (су қорғау белдеу шекарасының координаты А нүктесінен (x=440772,6; y=4934146,7) Ж нүктесіне дейін (x=440817,5; y=4934419,5).

3. Су қорғау аймақтарын ұйымдастыру, сумен жабдықтау, курорттық, сауықтыру және халықтың өзге де мұқтажы үшін пайдаланылатын су көздерінің санитарлық қорғау аймақтарын құруды жоққа шығармайды, осылардың шекарасы мен көлемі халықтың, санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы қолданыстағы нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес белгіленеді.

4. Су қорғау аймақтары мен белдеулерінде жер учаскелерін беруді, жергілікті атқарушы органдар, су қорының қоршаған ортаны қорғау және қорғау саласындағы уәкілетті органдарының келісімі бойынша жүргізеді.

## **2. Маңғыстау облысындағы Каспий теңізі жағалауында ұзындығы 1115 шақырым су қорғау аймақтары мен белдеулерін белгілеу**

1. "Маңғыстау облысындағы Каспий теңізі жағалауында су қорғау аймақтары мен белдеулерін белгілеу" бекітілген жұмыс жобасына сәйкес мыналар белгіленеді:

1) Маңғыстау облысындағы Каспий теңізі жағалауында су қорғау аймақтары мен белдеулерінің ені, бөліктері бойынша:

Атырау облысы (45Ү 3' 10" солтүстік ендік, 54Ү 11' 24" шығыс бойлық) – Форт-Шевченко (44Ү 37' 29" солтүстік ендік, 50Ү 33' 46" шығыс бойлық) бөлігінің ұзындығы 898 шақырым, ені тиісінше 2000-100 метр болып қабылданады,

Форт-Шевченко (44Ү 19' 48" солтүстік ендік, 54Ү 11' 24" шығыс бойлық) – Ақтау (44Ү 4' 30" солтүстік ендік, 50Ү 57' 30" шығыс бойлық) бөлігінің ұзындығы 60 шақырым, ені тиісінше 2000-100 метр болып қабылданады,

Ақтау (43Ү 20' 24" солтүстік ендік, 51Ү 19' 18" шығыс бойлық) – Құрық (43Ү 11' 10" солтүстік ендік, 51Ү 16' 48" шығыс бойлық) бөлігінің ұзындығы 15,0 шақырым, ені тиісінше 2000-100 метр болып қабылданады,

Құрық (42Ү 57' 0" солтүстік ендік, 51Ү 48' 29" шығыс бойлық) – Кендірлі (42Ү 52' 21" солтүстік ендік, 52Ү 12' 39" шығыс бойлық) бөлігінің ұзындығы

68 шақырым, ені тиісінше 2000-100 метр болып қабылданады,

Кендірлі (42Ү 22' 9" солтүстік ендік, 52Ү 37' 22" шығыс бойлық) – Түркіменстан Республикасының мемлекеттік шекарасы (41Ү 46' 22" солтүстік ендік, 52Ү 26' 43" шығыс бойлық) бөлігінің ұзындығы 74 шақырым, ені тиісінше 2000-100 метр болып бекітілген жобалық құжаттаманың негізінде соңғы он жылдықта Каспий теңізінің минус 27,0 метрге тең орташа көпжылдық деңгейі белгісінен қабылданады;

2) су қорғау аймақтарын ұйымдастыру, сумен жабдықтау, курорттық, сауықтыру және халықтың өзгеде мұқтажы үшін пайдаланылатын су көздерінің санитарлық қорғау аймақтарын құруды жоққа шығармайды, осылардың шекарасы мен көлемі халықтың, санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы қолданыстағы нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес белгіленеді;

3) су қорғау аймақтары мен белдеулерінде жер учаскелерін беруді, жергілікті атқарушы органдар, су қорын пайдалану және қорғау, қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органдардың және өздерінің құзыреті шегінде жер ресурстарын басқару жөніндегі орталық уәкілетті органның келісімі бойынша жүргізеді.

Ескерту:

Аббревиатураларды ажыратып жазу:

км – километр

см – сантиметр

Маңғыстау облысы әкімдігінің  
2008 жылғы 20 наурызындағы  
N 181 қаулысына 2-қосымша

**Су қорғау аймағы мен белдеуінің аумағында шектелген шаруашылық қызметінің режиміне қойылған талаптар тізбесі**

1. Су қорғау аймақтарының шегінде мыналарға тыйым салынады:

1) авиациялық - химиялық жұмыстарды жүргізуге;

2) арам шөптер, өсімдіктердің ауруларымен зиянды жәндіктермен күресте химиялық құралдарды қолдануға;

3) топырақты тыңайту үшін тезекті суды қолдануға;

4) улы химикаттар, минералдық тыңайтқыштар мен жанар-жағар май материалдарының қоймаларын, аппаратураларға улы химикаттар құю алаңдарын, мал шаруашылығының кешендері мен фермаларын, өнеркәсіптік, тұрмыстық

және ауыл шаруашылығы қалдықтарын жинақтау мен көму орындарын, мал көметін жерлер мен мал көметін орындарын, сарқынды су жинақтау орындарын орналастыруға, сондай-ақ судың сапасына кері әсер ететін басқа да объектілерді орналастыруға;

5) көң мен қоқысты жинауға;

6) автокөліктерді, тракторларды және басқа механизмдерді жөндеуге және жууға, май құюға, су объектілерінің ластануын болдырмау мақсатында, сарқынды суларды жинау және бөлу бойынша ағынды канализациялармен және сүзгілеуге қарсы экранмен жабдықталмаған алаңдарда көлік құралдарының тұрақтарын орналастыруға;

7) 3 градустан жоғары құламалы құз жанындағы аумақты және 100 метрден кем емес судан қорғау аумағының көлемінде жаңа саяжай және бау-бақша учаскелер орналастыруға;

8) су объектісінің, су қорғау аймақтары мен белдеулерінің аумағының су нысандарының бекітілуін және ластануы мен қоқысталуын болдырмайтын, имаратармен және құрылғылармен қамтамасыз етілмеген, қайта құрылымданатын және жаңасын қатарға қосып пайдалануға беруге;

9) су қорын пайдалану және қорғау, қоршаған ортаны қорғау, жер ресурстарын басқару, энергиямен жабдықтау және халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласында жергілікті атқарушы органдармен және уәкілетті органның келісімінсіз, ғимараттарды, имараттарды, коммуникациялар мен басқа да объектілерді жүргізу, қайта құрылымдауға, сондай-ақ пайдалы қазбаларды өндіру жөніндегі жұмыстарын, жер қазу және басқа да жұмыстарына;

10) арнайы мемлекеттік уәкілетті органдардың белгіленген тәртіппен келісілген жобаларсыз, құрылыс жүргізу, түбін тереңдету және жарылыс жұмыстарын жүргізу, пайдалы қазбаларды өндіру, кабель, құбыр және басқа да коммуникацияларды төсеу, бұрғылау, ауыл шаруашылығы және өзге жұмыстарды жүргізуге;

11) малды мөлшерсіз жаюға, оларды тоғытуға және санитарлық өңдеуге, су тоғандарының режимін нашарлататын шаруашылық қызметтердің басқа да түрлеріне;

12) шекті рауалды мөлшерлемесі белгіленбеген пестицидтерді қолдануға, қар бетіне тыңайтқыштар себуге, тыңайтқыш ретінде залалсыздандырылмаған құрамында қи бар ағын сулары мен тұрақты хлорорганикалық улы химикаттарды пайдалануға;

13) теңіздегі мұнай операцияларын қолдау үшін қажетті жағалаулық инфрақұрылымның өндірістік объектілеріндегі су қорғау аймағына ғимараттар

мен құрылыстар салуға су объектісінің ластануы мен қоқыстануын болдырмау жөнінде, қосымша іс-шаралар қабылдау талабымен, шектеу таратылмайды.

**Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - Маңғыстау облысы әкімдігінің 2008.12.23 N 2631 (жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

2. Су қорғау белдеуінің шегінде жоғарыда көрсетілген шектеулерден басқа мыналарға тыйым салынады:

- 1) тұрғын-үй, саяжай және басқа да құрылысқа жер учаскелерін бөлуге;
- 2) өткелдер мен жолдар салуға;
- 3) шайылған топырақтардың орнына топырақ үйінділерін жинақтауға;
- 4) органикалық және минералды тыңайтқыштарды, улы химикаттар мен пестицидтерді қолдануға;
- 5) мал жаюға, малға арналған жазғы лагерьлерді салуға (дәстүрлі суаттарды пайдаланудан басқа) малды тоғытуға арналған астаулар орнатуға;
- 6) маусымдық стационарлық шатырлар қалашығын орнатуға;
- 7) жерді жыртуға;
- 8) арнайы мақсаттағы, су жинау, суды реттеу, қорғау ғимараттары мен имараттарының және басқа да имараттарының құрылысын салуға.